

**ЦЕНТР СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ –  
ФИЛИАЛ ИНСТИТУТА ЭКОНОМИКИ КОМИТЕТА НАУКИ МНВО  
РК В Г.АСТАНА  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМ.Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ-ҚР  
ҒЖБМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ASTANA BRANCH OF THE ECONOMICS INSTITUTE  
OF COMMITTEE OF SCIENCE OF MSHE RK  
L.N. GUMILEV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЦИФРАНДЫРУДЫ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ  
КОММЕРЦИЯНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ОРТАСЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ТРЕНДТЕР, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ  
ЖОЛДАРЫ»**

*атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының*

## **ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**20 ақпан 2024 жыл**

## **СБОРНИК ТРУДОВ**

*международной научно-практической конференции*

**«РАЗВИТИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ФОРМИРОВАНИЕ  
ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ СРЕДЫ ЭЛЕКТРОННОЙ КОММЕРЦИИ:  
ТРЕНДЫ, ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

**20 февраля 2024 год**

## **WORKS**

*of the international scientific- practical conference*

**«THE DEVELOPMENT OF DIGITALIZATION AND THE  
FORMATION OF THE INSTITUTIONAL ENVIRONMENT OF E-  
COMMERCE: TRENDS, PROBLEMS AND SOLUTIONS»**

**2024, February 20<sup>th</sup>**

**Астана 2024**

УДК 33:004  
ББК 65:32.973  
Ц 42

Издается под общей редакцией профессора Азатбек Т.А.

**Редакционная коллегия:**

Азатбек Т.А. – д.э.н., профессор; Жанбозова А.Б. - PhD, Сиксимбаева Г.Т. – магистр государственного и местного управления.

**Ц 42 Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары = Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения = The development of digitalization and the formation of the institutional environment of e-commerce: trends, problems and solutions.** -Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция/ Международная научно-практическая конференция. – International scientific-practical conference. - Астана: Центр социально-экономических исследований – филиал Института экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, 2024. 378 с.- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-215-232-6

В сборник включены научные доклады отечественных и зарубежных экономистов-исследователей, вузовских работников, специалистов-практиков, докторантов и магистрантов, представленные на международной научно-практической конференции «Развитие цифровизации и формирование институциональной среды электронной коммерции: тренды, проблемы и пути решения». Конференция проведена в рамках реализации научных исследований по проекту грантового финансирования МНВО РК «Формирование институциональной среды рынка электронной коммерции в Казахстане, ее оценка и разработка механизма развития» (ИРН: AP14871419).

Материалы и рекомендации конференции предназначены для практического использования субъектами бизнеса, государственными органами, научными работниками, преподавателями и обучающимися высших учебных заведений.

Жинаққа «Цифрландыруды дамыту және электрондық коммерцияның институционалдық ортасын қалыптастыру: трендтер, мәселелері және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынылған отандық және шет елдік экономист-зерттеушілердің, жоғарғы оқу орындары қызметкерлерінің, маман-практиктердің, докторанттардың және магистранттардың ғылыми баяндамалары мен ұсыныстары енгізілген. Конференция ҚР ҒЖБМ «Қазақстандағы электрондық коммерция нарығының институционалдық ортасын қалыптастыру, оны бағалау және дамыту тетігін әзірлеу» гранттық қаржыландыру жобасы бойынша (ЖТН: AP14871419) ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру шеңберінде өткізілді.

Конференцияның материалдары мен ұсыныстары бизнес субъектілерінің, мемлекеттік органдардың, ғылыми қызметкерлердің, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттерінің тәжірибелік пайдалануына арналған.

The collection includes scientific reports by domestic and foreign economists-researchers, university employees, practitioners, PhD students and undergraduates, presented at the international scientific and practical conference «Development of digitalization and the formation of an institutional environment for e-commerce: trends, problems and solutions».

The conference was held as part of the implementation of scientific research under the grant funding project of the MSHE RK «Formation of the institutional environment of the e-commerce market in Kazakhstan, its assessment and development of a development mechanism» (IRN: AP14871419).

УДК 33:004  
ББК 65:32.973

© «Институт экономики» Центр социально-экономических исследований – филиал в г. Астана, 2024

машинного обучения будут использоваться для прогнозирования будущего и планирования запасов.

Подводя итог, стоит сказать, что оптимизация логистики с помощью цифровых технологий является частью современного бизнеса. Внедрение цифровых технологий позволяет компаниям повысить эффективность, снизить затраты и повысить уровень обслуживания клиентов. Однако для успешной реализации проекта необходимо добиться перемен, учесть вызовы и риски, а также выбрать подходящие технологии. С учетом современных тенденций и развития цифровых технологий компании, которые инвестируют в оптимизацию логистики, будут иметь значительные преимущества на рынке.

#### **Список литературы:**

1. Ivanov D., Dolgui A., Sokolov B. The impact of digital technology and Industry 4.0 on the ripple effect and supply chain risk analytics // International Journal of Production Research. – Taylor & Francis, 2019. – Vol. 57. – No 3. – pp. 829–846.

### **ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА МАҢЫЗЫ**

**А.О. Сулейменова,**  
докторант

*С.Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан университеті*

**Ж.Б. Рахметулина**  
э.ғ.к., профессор

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана*

Еңбек нарығы елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады, өйткені ол жұмыспен қамту, табыс, біліктілік және халықтың әл-ауқатының деңгейін анықтайтын бірден-бір маңызды орта. Еңбек нарығы сонымен қатар еліміздің экономикасының ішкі және халықаралық сұранысының өзгеретін жағдайларына, сондай-ақ жаңа технологиялар мен инновацияларға бейімделу дәрежесін көрсетеді. Сондықтан қазақстандық еңбек нарығының негізгі параметрлері мен динамикасының дамуын зерделей білу – мемлекеттік органдар, жеке бизнес, білім беру және кадрларды қайта даярлау жүйесі мен жалпы қоғам үшін барынша маңызды.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасында «Еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілді [1]. Тұжырымдама жобасында алдағы 10 жылда Қазақстанның алдында екі жақты міндет тұрғаны көрсетілген:

1) жоғары өмір сүру деңгейіне, кірістерді әділ бөлуге және азаматтардың теңсіздігін айтарлықтай төмендетуге қол жеткізу;

2) «қарапайым экономикадан» «күрделі экономикаға» көшу – күрделі және технологиялық дамыған тауарлар, қызметтер мен өндірістерді цифрлық ортада

күру үшін өнімді білім алуға және пайдалануға негізделген экономиканы күру [1].

Осы міндеттерге қол жеткізу барысында қолдануға болатын құралдардың ішінен Цифрлық экономика мен цифрлық ортаның үлесі орасан зор екендігі Тұжырымдамада айтылады. Неге Цифрлық экономика? Бұл сұраққа жауап алу үшін алдымен келесі сәттерге көз жүгірткен жөн.

Шешуге кешенді және жүйелі көзқарасты талап ететін қазақстандық еңбек нарығының негізгі проблемалық мәселелері бүгінде келесідей:

- еңбек өнімділігінің төмендігі және табиғи ресурстарды өндіру мен экспортқа тәуелді экономиканы әртараптандырудың жеткіліксіздігі;

- бейресми жұмыспен қамтудың жоғары үлесі, әсіресе ауылдық жерлерде;

- жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың төмен деңгейі;

- әйелдер, жастар, мүгедектер, этникалық азшылықтар сияқты әртүрлі популяциялар арасындағы жұмыс орындарына қол жетімділік пен табыстың теңсіздігі;

- қызметкерлердің біліктілігі мен дағдыларының еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес келмеуі;

- кәсіптік білім беру мен жаһанды оқыту жүйесінің жеткіліксіз түрде дамуы.

Аталмыш мәселелерді шешу үшін жаңадан бекітілген Тұжырымдамамыз алдымен сапалы жұмыс орнының негізгі сипаттамаларына көз жүгіртуді ұсынып, оларға келесілерді жатқызып отыр:

- тұрақты жұмыспен қамту (жылына кемінде алты ай);

- еңбекақының лайықты деңгейі (өңірдегі орташа жалақыдан төмен емес);

- қауіпсіз еңбек жағдайлары;

- кәсіби даму және мансаптық өсу мүмкіндіктері;

- еңбек құқықтары мен әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.

Ал бұл аталған сапалы жұмыс орнының негізгі сипаттамаларына бірден қол жеткізу оңай емес. Ол үшін белгілі бір сапалы жұмыспен қамтудың өсу драйверлері болуы керек екендігін түсінуіміз керек. Ал заманауи драйвер күші цифрлық ортасыз дами да, өрби де алмайтыны белгілі. Ондай драйверлерге келесілерді жатқызсақ болады:

- өнеркәсіп (тау-кен, өңдеу, энергетика, сумен жабдықтау), құрылыс, көлік саласы, сауда және қызмет көрсету, ауыл шаруашылығы, IT саласы, өнер және туризм, сондай-ақ қорғаныс қызметі сияқты заманауи экономиканың негізгі нақты секторларын барынша интенсивті индустрияландыру;

- жаңа технологияларды енгізу және ілгерілету;

- жұмыс уақытының икемділігіне негізделген жұмыспен қамтудың жаңа жаһандық заманға сай түрлерін күру [2].

Көріп тұрғанымыздай, еңбек нарығын дамыту цифрлық ортаға қатты тәуелді. Мысалы, тпті елдің оңтүстік өңірлерінде бастапқы индустрияландыру, орталық және шығыс облыстарда қайта индустрияландыру, республиканың солтүстігінде агробизнесі кластерлеу және батыс өңірлерде офтейк-келісімшарттарды дамыту жөніндегі шараларды іске асырудың өзі цифрлық

құралдарсыз алға басуы мүмкін емес. Ендеше, Еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы цифрлық экономикаға ерекше бағынышты.

Цифрлық ортаны еңбек нарығында тиімді пайдаланудың бірнеше жолдары бар. Соның бірі Тұжырымдамада аты аталған – «платформалық қызметкерлерді ресімдеу» цифрлық құралы. Жаңадан бекітілген тұжырымдамаға көз жүгіртетін болсақ, платформалық қызметкерлерді ресімдеудің жаңа тәсілдеріне көп көңіл бөлінген. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда шамамен 1 млн платформалық қызметкерлер бар. Бұл статистика күннен күнге өсіп келеді. Өйткені Платформалық жұмыспен қамтудың басты артықшылықтары келесідей: жұмыс уақытының икемділігі, негізгі қызметпен ұштастыру мүмкіндігі, мансаппен жеке өмірдің тепе-теңдігі. Сондықтан платформалық жұмыспен қамту спектрі жыл сайын кеңейіп, қызмет көрсету, туризм, IT, сауда, құрылыс, жылжымайтын мүлік және т.б. салаларға енетін болады. Осы орайда мемлекеттің негізгі міндеті – платформа қызметкерлері үшін еңбек құқықтарын қорғауды және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету. Бұл қазақстандық еңбек нарығын дамытудың бірден бір тиімді жолдарының бірі. Бұны ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі де жақсы түсініп отыр: «Еңбек нарығының инфрақұрылымын дамыту жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік қорғау саласында мемлекет көрсететін барлық қызметтерді жаппай цифрландыру арқылы жүзеге асырылатын болады. Негізгі критерийлер – ашықтық және барлық тұлғаларға қолжетімділікті арттыру» (ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметі).

Цифрлық ортаны еңбек нарығында тиімді пайдаланудың келесі жолы – еңбек саласын автоматтандыру және цифрландыру [3]. Еңбек нарығын автоматтандыру және цифрландыру нақты уақыт режимінде еңбек нарығындағы жағдайды бақылауға және талдауға, кадрларға деген қажеттілікті анықтауға, білім беру бағдарламаларын экономиканың нақты қажеттіліктеріне қарай түзетуге және өзектендіруге, сондай-ақ экономикалық ынталандыру шараларының тиімділігін бағалауға орасан мүмкіндік береді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің пайымдауынша бұл ұсынылған шараларды іске асыру – сапалы жұмыс орындарының санының артуына және жұмыспен қамту құрылымының жақсаруына әкеледі. ҚР ЕХӘҚМ баспасөз қызметінің сөзінше, нәтижесінде ел экономикасында 2029 жылға қарай 3,8 млн сапалы жұмыс орнын қамтамасыз ету жоспарлануда, бұл жұмыспен қамтудың жалпы құрылымының 45 %-ын құрайды. Бұл дегеніміз жыл сайынғы табысы медианадан жоғары адамдардың саны орта есеппен 280 мыңға жететін болады.

Цифрлық ортаның еңбек нарығында аса маңыздылығын көрсететін тағы бір бірігей құрал – «ENBEK» жұмыспен қамту саласындағы цифрлық экожүйесі. Бұл платформаның негізінде азаматтар еңбек нарығына табысты кірігу үшін қолдау ала алады және өз еңбек жолының барлық кезеңдерінде (мамандық таңдау мен жаңа дағдылар алудан бастап, жұмыс іздеуге және еңбек қатынастарын ресімдеуге дейін) сүйемелдей алады. Аталмыш экожүйе сонымен қатар кәсіби біліктілік платформасы «Career»-ді де өзіне біріктіріп отыр. Одан бөлек онлайн оқыту платформасы «Skills.Enbek», жұмыспен қамту және қызмет көрсету порталы «Enbek.kz», кәсіпкерлік бастамаларды қолдау порталы

«Business.Enbek», еңбек ресурстары порталы және мобильді қосымша «Hr.Enbek», сондай-ақ көші-қон процестерінің цифрлық платформасы «Migration.Enbek» секілді қосымшаларды да қамтиды.

Бұдан бөлек еңбек нарығы бәсекелестіктен тұратындығын білеміз. Сондықтан өз саласында көшбасшылыққа қол жеткізу мен позицияларды сақтау үшін жұмыс берушілер нейротехнологияларды, жасанды интеллектті, таратылған тізілім жүйелерін (блокчейн), кванттық технологияларды, өнеркәсіптік интернетті, робототехника мен сенсорды, сымсыз байланыс, виртуалды және кеңейтілген VR технологияларын және басқа да көптеген цифрлық технологияларды бүгінде кеңінен қолдануға мәжбүр. Бұның барлығы цифрлық трансформацияның жоғары деңгейін, Тұжырымдаманың цифрлық экономикасыз іске аспайтындығының тағы бір дәлелі.

Индустриялық экономикадан цифрлық экономикаға көшу еңбек қатынастарының сандық қана емес, сапалық сипатын да сөзсіз өзгертеді. Еңбек және жұмыспен қамтуға үлкен әсер ететін және олардың әрқайсысы цифрлық технологиялардың таралуымен байланысты трансформацияның ондай негізгі векторларының ішінен мыналарды бөліп көрсете аламыз:

- автоматтандыру адам еңбегін машинамен ауыстыру ретінде;
- цифрландыру физикалық нысандар мен құжаттарды цифрлыққа және керісінше түрлендіру ретінде;
- сандық платформаларды экономикалық транзакцияларды алгоритмдік ұйымдастыру үшін делдал ретінде пайдалану мүмкіндігі.

Экономиканы цифрландыру процесі еңбек нарығының сандық параметрлерін өзгертуді ғана емес, сонымен қатар жұмысшылар мен жұмыс берушілердің өзара әрекеттесу форматын өзгертуді де көздейді. Біріншіден, бұл қашықтық қатынастардың пайда болуы және кеңеюі, бұл уақыт пен кеңістіктегі еңбек қызметін орталықсыздандыру процестеріне әкеледі. Нәтижесінде икемді, виртуалды еңбек нарығы қалыптасады және жұмыспен қамтудың классикалық моделі ескіреді.

Екіншіден, қызметкердің өзі үшін кәсіби жолды ұзақ мерзімді жоспарлауда қиындықтар азаяды. Нәтижесінде жұмысшылардың өзгертін жағдайларға бейімделу, еңбек нарығында белсенді болып қалу және олардың сұраныс деңгейін үнемі қадағалап отыру қабілеті сияқты қасиеттеріне қойылатын талаптар артатын болады. Бұл бәсекелестікті күшейтіп, білімге деген құштарлықты оятады, сапалы қызметкерлердің санын арттырады.

Цифрландырудың енгізілуімен және сұраныс бойынша экономиканың кеңеюімен еңбек нарығы кеңістік пен уақытқа деген тәуелділігінен де айырылады, бұл қызметкерлер үшін көбірек дербестік тудырады, жұмыс беруші тарапынан оның орындалу барысын бақылауды күшейтеді, қызметкерлердің келуі мен кетуін есепке алудың қажеттілігі азаяды (бүкіл әлемде ірі және орта компанияларда жұмыс уақытының электронды есебі қолданылады). Сонымен қатар веб-камераларды пайдалану арқылы қызметкерлердің жұмысына толыққанды мониторинг енгізіледі.

Жалпы алғанда, білімнің ілгерілеуіне және цифрлық экономикадағы еңбек күрделілігінің артуына байланысты әлеуметтік-философиялық және экономикалық аспектілерде қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы қарым-қатынас жүйесінің өзгеруіне қатысты зерттеулер әлі де жалғасуда. Бұл зерттеулер жаңадан бекітілген Тұжырымдама аясында өз жемісін молынан беретін болады. Экономиканың тез кеңейіп келе жатқан цифрландыру саласы кейбір экономикалық ресурстарды басқалармен алмастыруға, оларды басқарудың жаңа құралдарының пайда болуына, ұйымдарға қатысушылардың өзара іс-қимылының алуан түрлілігінің артуына әкеледі. Сонымен бірге компаниялар қызметінің бизнес-моделі – қатаң салалық бөліністен интеграцияланған сервистік-бағдарланған бизнеске ауысуда. Нәтижесінде технологиялық прогресс шеңберіндегі еңбек саласының дамуы сапалы түрде өзгертін болады, бұл адамның еңбек қызметінің субъектілерінің, мазмұнының, сипатының, құрамы мен көлемінің өзгеруінен, сондай-ақ өзгертін және туындайтын қатынастарды құқықтық реттеудің жаңа нормаларынан, нысандарынан көрінетін болады. Сондықтан бұл процестер тек бизнес, кәсіпорын мен корпорация секілді құрылымдар саласында ғана емес, сонымен бірге қолданыстағы заңнамаға қажетті түзетулер енгізе отырып, мемлекет пен қоғамның өміріне де енуі керек. Сол себепті «Еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» өзекті құжат болып табылады. Ал оны цифрлық орта көмегімен іске асыру екі есе өзектілік танытып отыр.

*Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен гранттық қаржыландыру аясында дайындалды (AP19680192 ИРН гранты)*

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Еңбек нарығын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы қаулы // [Электрондық ресурс] .-URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/540084?lang=kk>
2. Кознов А.Б. Влияние цифровизации на рынок труда // International Journal of Humanities and Natural Sciences. – 2019. - vol.4-2. – pp.177-179.
3. Томашевский К.Л. Цифровизация и ее влияние на рынок труда и трудовые отношения (теоретический и сравнительно-правовой аспекты) // Вестник Санкт-Петербургского университета. Право

### **ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ИИ НА ВСЕХ ЭТАПАХ ЛОГИСТИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ЦЕПОЧКИ**

**Г.С. Тайкулакова**

*к.э.н., профессор*

**Л.Т. Баядилова**

*Магистр, Алматы Менеджмент Университет, Алматы*

Актуальность цифровой трансформации и необходимость оптимизации логистических процессов требует более глубинного изучения с учетом